

**Астана қаласы «Мұхтар Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясы» бойынша
2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысының есебі**

1 қыркүйек Білім күнінде М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясында алғашқы қоңырау салтанатты жиыны өтті.

Салтанатты іс-шараға оқу-ағарту министрі Аймағанбетов Асхат Қанатұлы қатысты. Асхат Қанатұлы ұстаздар қауымы мен мектеп табалдырығын аттағалы отырған 1 сынып бүлдіршіндерін мерекемен құттықтады. Еліміз бойынша 4 мыңға жуық 1 сыныпқа қадам басқалы отырған оқушылар тек ана тілінде білім алатындығын айтып өтті.

Өзге тілдер келесі сыныптардан басталатындығын, сонымен қатар, білім саласындағы тың өзгерістер мен жаңа бастамаларға тоқталып өтті. Мектеп ұжымы мен ата-аналар қауымы үшін бүгінгі күн тарихи күн болды.

<https://www.instagram.com/p/Ch9lJHGLLbb/>



«М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназия» кітапханасында бүгінгі 1- қыркүйек «Білім күні» мерекесіне орай 1- сыныпқа қабылданған оқушыларымыз бен ата-аналарымызға «Кітапханаға саяхат» атты іс-шарасы өткізілді. Балалар қатты қуанып үлкен әсермен кетті. Ата-аналар да балаларымен бірге іс-шараға қатысып өз тілектерін білдіріп жатты. Жарқын болашақ, ақ жол, білімді, үздік оқушылар болуыңызға тілектеспіз.



<https://www.instagram.com/p/Ch9FlllLw6a/?igsh=aGxlbWRoY2hwdDF3>

Мектебімізде білім күнімен қатар, «Жалпы құқықтық білім беру» сабағы өткізілді. Арнайы Алматы ауданы Полиция басқармасы тергеу бөлімінің бастығының орынбасары полиция майоры Е.Қ. Слямбеков 8-11 сыныптарға «Қылмыстық жауаптылықтың жасы», «Есірткі қылмысының алдын-алу», «Зорлық-зомбылықтың құрбаны болып қалмау, және өз құқықтарын қорғау үшін қайда жүгінуге болады?» тақырыптарында оқушыларға лекция өткізді. Бүгінгі мерекемен құттықтап, мектебімізге кітап сыйға тартты.



Биылғы мектеп табалдырығын алғашқы аттаған, алғаш рет «Әліппе» кітабын қолына алған бүлдіршіндеріме арнап «Әліппе» әнін жаздым. Бұл шығармашылық туындымды мектептің салтанатты жиынында оқушыларыммен орындап, көрерменнің көңілінен шықтым. Салтанатты жиынға оқу-ағарту министрі Асхат Қанатұлы қатысып, 1-сынып оқушыларына және әріптестеріме оқу жылына сәттілік тіледі.



https://www.instagram.com/p/CiAMa3Csxqx/?igsh=N3I1M2NtZGt0OGEy&img_index=1

Бүгін 5- қыркүйек күні мектебімізге жаңа тағайындалған полиция лейтенанты Анваров Серік Айтбекович келіп, бірнеше сыныптарға кіріп, құқық бұзушылық алдын алу мақсатында дәрістер оқып кетті.



https://www.instagram.com/p/CiHo_3krFAA/?igsh=YWZzN3hsYjdkcXN1&img_index=1

5 қыркүйек Ұлт Ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналған атаулы күн М.Әуезов атындағы # 86 мектеп-гимназиясында аталып өтілді. "Ұлттың ұлы ұстазы" тақырыбында жаппай тәрбие сағаттары өткізілді.

Тарихи өмірінде орны айрықша зор тұлға-Ахмет Байтұрсынұлының халықтық тәлім-тәрбиелік ойларының негізінде оқушылар бойына адамгершілік, ұлтжандылық, отансүйгіштік қасиеттерді дарыту мақсатында өткен сабақ барысында оқушылар ақынның, қоғам қайраткері, педагог-ұстаздың құнды мұраларымен танысты. Жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуде Ұлт ұстазының шығармаларын насихаттау жұмысы алдағы бір ай жалғасын табады.



https://www.instagram.com/p/CiljPtKLDQN/?igsh=MWlxYmg1N25ma3NmaA%3D%3D&img_index=3

08.09.2022 жылы Отбасы күніне байланысты 5"Д" сынып оқушысы Тайтуриева Каусар, "МЕН ОТБАСЫММЕН МАҚТАНАМЫН" атты балалар ойынан бейнебаян түсірді. "Отбасы - адамзат бесігін тербеткен ұя" болса баланың бас ұстазы - ата-анасы. Бала- әкеден ақыл, анадан- мейір алады. Ата - анаға баладан жақын ешкім жоқ. "Ана - сая бағың, Әке - асқар тауың»,- дейді халқымыз. Сондықтан да жанұяның екі тірегі - әлпештеген әке мен аялаған ана. Сондықтан да оларды құрметтеуіміз керек. Жанұяның қуанышы - бала. Ал жанұяның бәйтерегі - ата, әже, әке, ана. Бала - одан тәлім - тәрбие, өнеге алушы ұрпақ.

Осы бейнебаянның мақсаты: Ата-ана мен балалардың арасындағы қарым-қатынасты жақсарту, бір-біріне көңіл бөлу, бір-бірін тыңдай білуге үйрету.

2. Ата-ана мен баланың сүйіспеншілігін, махаббатын бірлесе отырып мақсатқа, маңызды жетістіктерге қол жеткізе алатындығын, бір-бірін түсіне алатын, үлгі бола алатын отбасын көрсету.



<https://www.instagram.com/reel/CiR5y89j0J2/?igsh=MWo2c3I1MHJwYWhvcA%3D%3D>

Тілдер мерекесіне арналған тәрбие сағаттар жоспарланып, өз деңгейінде өте жақсы өтті.



https://www.instagram.com/p/CibqtnWobUb/?igsh=MXM5OWlucXA1MnpuNg%3D%3D&img_index=2

М.Әуезовтың 125 жылдығына орай жазушының "Көксерек" шығармасы бойынша кітапханада "Қиянат пен кек" атты дебат-пікірсайыс өтті.

Пікірсайыстың мақсаты:

Жазушының шығармаларын тереңірек танумен қатар оқушылардың өз пікірлерін дәлелдемелер келтіре отырып еркін айта білуге, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға баулу.

Дебат барысында оқушылар түз тағысы мен адамдар арасындағы қайшылықтар туралы пікір таластырып, өз ойларын шығармадан, өмірден алынған мысалдар келтіре отырып дәлелдеуге тырысты...

Қазіргі ең таза, ең бай, ең табиғи және бұзылмай, бұрынғы қалпында сақталып қалған тіл болса, ол да – қазақ тілі және қазақ әдебиеті, шын ғылым үшін біз мұны ашық айтуымыз керек.

«Халықтың мәңгі ғұмыры – оның тілінде. Әрбір тіл өз халқы үшін – ұлы», - деген Шыңғыс Айтматов. Сондықтан, әр адам өзінің ана тілін қорғай да, құрметтей де білуге міндетті.

Бүгінгі өтіп жатқан "Тіл - рухани байлық" атты сынып сағаты болып өтті.



https://www.instagram.com/p/Cib2ISRMZi0/?igsh=a3FwOG9xamFpd3V5&img_index=3

<https://www.instagram.com/reel/CiclxIODm3M/?igsh=MmVrbDFqYjloNXM5>

2022 жылдың 16 қыркүйек күні Абай Құнанбаев атындағы №87 мектеп-гимназиясымен бірлесе отыра, елордамыздағы №4, № 58, №77 мектептерімен бірге «Бала Абай» 1-4 сыныптар арасында тәжірибелік алаң жұмысын бастады. Мектебіміздің бастауыш сынып мұғалімдері №87 мектеп-гимназиясы ұйымдастырған «Абайтану» пәнін оқытудың жолдары мен әдістемесі» атты оқыту семинарына қатысып қайтты. Абайды оқыту арқылы ұлтты тану, ұлттық құндылығымызды дәріптеуге негізделген семинар жоғары деңгейде өтті. Шынымен де, мектеп табалдырығын енді аттап жатқан шәкірт бойына Абай мұрасы арқылы «Толық адам» ұғымын қалыптастырсақ, нағыз ұлттың жанашырын тәрбиелей алатындығымыз хақ. Алдағы уақыттағы жоспарымыз көп, идеямыз бен миссиямыз да ортақ.



https://www.instagram.com/p/Cij-xryt8tz/?igsh=MXF0aDEyZHNneDgxOA%3D%3D&img_index=4

«М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясының» кітапханасында, кітапхана меңгерушісі мен қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі К.К.Байтугуловамен бірге,

6 «Г» сынып оқушыларына «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Оқу мәдениеті» атты кітапхана сағатын өткіздік. Іс-шара өте қызықты өтті



<https://www.instagram.com/p/CixjGIFL-Mb/?igsh=MTl2M21jeDZyeTJlaw%3D%3D>

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда «Адалдық сағаты» атты сынып сағаттары өткізілді.



https://www.instagram.com/p/Ci0VEQsrEMU/?igsh=MXJjdmliMmE2cWdvMA%3D%3D&img_index=1

Қазақ халқының тарихында болмысы бөлек, мінезінің байлығымен, терең білім, ақыл-парасатымен дараланған Ахмет Байтұрсынұлының 150 жыдығына арналған 6-сынып оқушылары арасында тағылымды іс-шара болып өтті.

Бір басында сан салалы өнер тоғысқан тілегей теңіз энциклопедиялық білім иесі қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері туралы оқушылар көп мәлімет пен пайдалы ақпарат алды.

``Ахмет Байтұрсынов 150 жыл`` атты ашық тәрбие сағаты.

Мақсаты: Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығы, кітаптары, ғылыми еңбектері туралы мағлұмат беру.

2. Ақын өмірін оқушыларға үлгі ете отырып, өз елін сүйеге, оның көркеюіне үлес қосуға тәрбиелеу

3. Оқушылардың танымдық деңгейін дамыту

Биылғы жыл халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, кешегі Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы ірі ғалым,

көсемсөз шебері, әдебиет зерттеуші, тюрколог, дарынды ақын- аудармашы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толған мерейлі жыл.

6 “в” сынып оқушылары Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасында ұлы ғалымның еңбектері мен үлкен іс-шарасына қатысып, кітапханаға экскурсия жасады.



<https://www.instagram.com/reel/CjKZQG3DYuv/?igsh=Zjd4a2t5aDJ1dDkw>

Мұхтар Әуезовтың 125 жылдық мерейтойына арналған іс-шарадан тікелей эфир.



<https://www.instagram.com/tv/CjCWWffoMGB/?igsh=MmpkaDltNm9jNjJ1>

28 қыркүйек күні мектебімізде заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің 125 жылдық мерейтойы қарсаңында «М.О.Әуезов – дәуір тұлғасы» атты қалалық деңгейінде мерекелік іс-шара және М.О. Әуезов шығармаларындағы құндылық және оқыту әдістемесі» атты I қалалық панорамалық сабақ беру, эссе жазу конкурсы өтті.



Мерекелік шараға зиялы қауым Әуезов мұрасын зерттеуші ғалымдар, серіктес мектептер қатысты. Мектеп оркестрінің тамылжыған күйімен басталған мерекелік күн оқушылардың «Әуезов әлемі қылқалам, қолөнер шеберлері көзімен» атты сурет, қолөнер туындылары көрмесімен жалғасты. Кішкентай бүлдіршіндер Бөрілідегі Әуезов мұражайымен таныстырды. Мектептің III қабатында орналасқан «Әуезов әлемі» атты бөлімде оқушылар жазушының өмірі, шығармашылығы жайында тың деректер айтып, өз ізденістерін көрсете білді.



Әуезовтің ғылыми кабинетінде» аталмыш оқу жылында ашылған тәжірибелік алаң жұмысымен таныстырды. «Әуезов кино әлемінде» атты бөлімде жазушының шығармалары негізінде түсірілген кинолар қойылып, оқушылар QR код арқылы тамашалауға болатындығы қонақтарды қызықтырды. Мектеп кітапханасында бүгінгі ұлы тойда ұлы тұлғалардың қатысуымен республикамыздың түпкір-түпкіріндегі жазушы атындағы мектептермен байланыс жасай отыра «Әуезов айнасы» атты клубымыз ашылып және Мұхтардың жас кезінде ойнаған «Ярыш» командасын қайта жандандыру мақсатында, «Ярыш - 86» командасы құрылды.



Конкурсқа қатысушы №87 МГ, №57 ОМ, №72 МЛ, №74 МГ, №83 МГ, № 93 МГ-ның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері пономаралық сабақ көретсе, сол мектептердің 9-11 сынып оқушылары эссе жазу байқауында бағын сынады.

<https://www.instagram.com/p/CjCyXckr2Vz/>

АРДАГЕР ҰСТАЗДАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



Білім саласының дамуына өзіндік үлесін қосып, жас ұрпаққа тағылымды тәрбие мен терең білім берген білім саласының ардагерлерін құрметтеу – басты парыз.



Өз кезегінде ардагер ұстаздық қызмет еткен жылдарындағы естеліктерімен бөлісіп, шараны ұйымдастырған М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназия директоры Б.С.Сыздыкова мен кәсіподақ комитетіне жылы лебіздерін білдірді

<https://www.instagram.com/p/CjP0GemruP-/>

ҰСТАЗДАР ҰЛЫҚТАЛДЫ

Елордамыздағы Бейбітшілік және келісім сарайында өткен “Ұлт шамшырағы - ұстаздар” атты мерекелік концерт өте жоғары деңгейде өтті.

Мереке қарсаңында ұстаздарды Астана қаласының әкімі А.С.Көлгінов және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі А.Қ.Аймағанбетов ұстаздарды марапаттады. Мерекеде М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясының Мавленбердиев Ерхан Қайратұлы басқарған театрдың оқушылары үлкен сахнада өнер көрсетті, мектебіміздің аты аталып, мәртебесін тағы бір көтерді.



Мектеп мерейін үстем еткен өнерлі шәкірттерге өнерлерің талмасын, толағай табыстарға жете беріңіздер дейміз! Жетістіктеріміз көп болсын!

<https://www.instagram.com/p/CjUWmQxI8Fq/>

21.10.2022 күні сағат 8.00-11.00 аралығында Астана қаласындағы №86 М.О.Әуезов атындағы мектеп-гимназиясында Республика күніне арналған «Мәңгілік жаса, қыран елім-Қазағым!» атты іс-шара болып өтті.

Аталмыш шараға Астана қаласы мәслихатының депутаты Жапарова Гүлжамал Алькеевна, М.Н.Гумелев атындағы ЕҰУ-нің профессоры, Суретшілер одағының мүшесі Анарбеков

Талғат Абдукаримұлы және Астана қаласының Білім беруді жаңғырту орталығының өкілі қатысты.



Мерекелік жиынға келген қонақтарды мектеп кіреберісінде флешмоб билеп, оқушылар қарсы алды. 1-2-қабатта бастауыш сынып оқушылары мен ата-аналарының қолымен жасалған бұйымдармен безендірілген «Көк байрағым - елдігім, еркіндігім!» тақырыбындағы көрмені тамашалады. Көрмеге Астана қаласының макеті, Қазақстанның болашағы бейнеленген көріністер, Рәміздер, бала қиялынан жасалған туған жерге деген махаббаты бейнеленген қолөнер бұйымдары қойылған. Мектебіміздің 3-4-қабатына көтерілген қонақтар оқушылардың өнеріне, таланттарына тәнті болды. Пән бірлестіктері оқушылардың қатысуымен бауырсақ пати, атамекен, туған жер тақырыбында ақындардың өлеңдерін жатқа мәнерлеп оқу, күй тартысын ұйымдастырды. Мектеп дәлізінде Тәуелсіз мемлекетіміз жайлы деректі фильмді және оқушылардың интеллектуалды сұрақ-жауап сайысын

тамашалады.

Бастауыш сынып және орта, жоғары буын оқушыларының өнерлерімен танысқан қонақтар 2-қабаттағы акт залына көтеріліп Республика күніне арналған әдеби-әуезді композициялық қойылымды көрді. Қорытынды кеш ұлтымыздың өнер саңлақтары ақын Мұқағали Мақатаев, композитор Шәмші Қалдаяқов және күйші Нұрғиса Тілендиевтің диалогтарымен басталып, қойылымның өнбойында ақын Мұқағалидың «Отан» атты өлеңі оқылып, күйші Тілендиевтің «Ата толғауы» күйі шертіліп, соңында Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным!» әні орындалып, көрермендерді ерекше сезімге бөледі. Республика күніне арналған «Мәңгілік жаса, қыран елім-Қазағым!» атты жиынды мектеп директоры Б.С. Сыздықова қорытындылап, гимназияның білікті ұстаздары мен қызметкерлерін «М.О.Әуезовтің 125 жылдық» мерейтойына арналған медалмен марапаттады.

<https://www.instagram.com/p/Cj-6uMsrCNm/>



2022 жылдың 22 қазан күні мектеп-гимназиясына Мектеп Президентін сайлау өтті. Сайлауға оқушылардан 5-үміткер қатысты. Өзін-өзі басқару ұйымының президенті болып 603 дауыс жинап 9-сынып оқушысы Қайрат Бекарыс сайланды. Құттықтаймыз, Бекарыс!



Дауыс берген жалпы оқушылар саны-1195

9 «А»-сынып оқушысы Қайрат Бекарыс 603 дауыс (50%)

9 «Г»-сынып оқушысы Жүсіпбек Ырысты 282 дауыс (23%)

9 «Д»-сынып оқушысы Дүйсенова Акерке 218 дауыс (18%)

9 «Г»-сынып оқушысы Ноғайбек Жанель 28 дауыс (2%)

9 «Г»-сынып оқушысы Бақытжанқызы Мадина дауыс (1%)

<https://www.instagram.com/p/CkBvPkVLWgo/>

Астана қаласы Білім беруді жаңғырту орталығының ұйымдастыруымен 17-27 қазан аралығында Халықаралық мектеп кітапханашылары апталығының 10 күндігінің жабылу салтанаты Астана қаласы әкімдігінің "М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясында" өте жоғарғы деңгейде өтті.



Астана қаласы әкімдігінің Әдіскерлік орталығының әдіскері Егеубаева Жанар Бақытжановна қатысып, қаламыздағы 21 мектеп кітапханашыларын Әдістемелік орталықтың артынан "Алғыс хат" берді.

"М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясы" директоры Сыздыкова Базаркүл Сағындыққызына, және мектеп әкімшілігіне алғыстар шексіз тілектермен төгіліп жатты.

<https://www.instagram.com/p/CkSe8DorwXk/>

2022 жылдың 9 қарашасында М.О.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясында Республикалық "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына үздік, дарынды оқушылар қабылдау салтанаты өтті. Жиынға мектеп оқушылары мен ұстаздар катысты. "Жас Ұлан" ұйымының қатарына кіре отырып, оқушылар ант қабылдап, "Жас Ұлан" ұйымының әнұранын орындады.



Іс-шараның негізгі мақсаты: Оқушыларды Отанды сүйуге, тәрбилеуге, патриоттық сезімдерін нығайтуға, жауапкершілікті сезінуге, тәртіпті сақтауға баулу.



<https://www.instagram.com/p/CkvPeAWsx7F/>

М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясында 2 желтоқсанда Жас Ұлан бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының "Мектеп парламенті" білім алушылардың өзін-өзі басқару тұжырымдамасы ережесіне сәйкес мектеп президентін және парламент мүшелерін ұлықтау рәсімі өтті.



Сайлау қорытындысы бойынша:

- Мектеп президенті - Қайратұлы Бекарыс;
- Құқық және тәртіп фракциясы ұланбасы - Досжанова Аружан;
- Ақпараттық фракция ұланбасы - Дүйсенова Ақерке;
- Спорт және салауатты өмір салты фракция ұланбасы - Жұмат Сержан;
- Өзін-өзі тану фракциясы ұланбасы - Қазақбаева Назым;
- Еріктілер фракциясы ұланбасы - Бахытжан Мадина;
- Мәдинет және өнер фракциясы ұланбасы - Раева Әсем;

- Дебат қозғалысының фракциясы ұланбасы -Ақназар Әлия;
- Экология және еңбек фракциясы ұланбасы -Жүніс Айғаным сайланды.

Мектебіміздің парламент мүшелері алдағы уақытта мектеп өмірін жандандырып, өздеріне сеніп жүктелген міндеттерді адал атқарады деген сенімдеміз. Жас ұрпақтың елін, жерін, құндылықтарын шынайы сүйіп, қазақстандық патриотизмді қалыптастыруда өз үлестерін қосатынына зор үміт артамыз. <https://www.instagram.com/p/ClsWrRgIqrw/>

2022 жылдың 10-желтоқсанында турниралды дайындық мақсатындағы мектепшілік турнир өтті.

Мақсаты: қалалық дебат турниріне командалық дайындық жасау, тәжірибе алмасу, кемшіліктерді жою.



Мектепшілік турнирде Әуезов және Алау командалары Үздік спикер ретінде марапатқа ие болды. Бұл әрине спикерлердің еңбегі, жемісі.

<https://www.instagram.com/p/CmIp8NzIFf6/>

2022 жылдың 14 желтоқсанында Мұхтар Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназияның Риторика дебат клубы Астанада өткен республикалық дебат турнирінің жабылуы салтанатына қатыстық.



Еліміздің 20 аймағынан келген командаларды, олардың жеңіске жеткен сәттерін көріп мотивация алдық. Астана намысын қорғаған Бином Таным командасы 3-орын алды. Бас жүлде Павлодарға бұйырды.

<https://www.instagram.com/p/CmJsQUPrrRs/>

Алдымызда қалалық турнир. Мектеп намысын қорғауға Самғау, Әуезов және Жалын командалары қатысады.

Желтоқсан - «Патриотизм айы» аясында мектебімізде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының авторы, сәулетші, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Барыс орденінің иегері Жандарбек Мәлібекұлымен кездесу болып өтті.

Бүгінгі күн, ертеңгі тарих демекші бұл кездесуден оқушылар өте керемет әсер алып, бір тірі тарих сахнасынан шыққандай болды. Өз аузынан толықтай мән-мағынасын естудің өзі бір бөлек дүние. Осылайша аталмыш кеш оқушылармыздың еркін форматта сұрақ қоюымен жалғасып, қызу өтті.



"Жақсымен өткізген жарты сағат, жаманның өтіп кеткен өміріндей" демекші бұл жиында оқушылар рухани азық алып, қазақ ахитектурасының тамыры тереңде екенін түсінді. Кеш соңында Жандарбек атамyz өзінің арнайы сыйлығын сыйға тарттып, жылы лебізі мен ақ батасын берді.

2022 жылдың 17 желтоқсанында М. Әуезов атындағы №86 мектептің Риторика дебат клубы алда болатын Бауыржан Момышұлының 112 жылдығына арналған қалалық дебат турниріне дайындық үстінде.

Клубымыздың ашылғанына 1 жыл 3 ай ғана болды.

Биылғы оқу жылында Риторика дебат клубының жаңа Президенті болып Бақытқызы Арайлым таңдалды. Өте тәжірибелі спикер, төрешілік деңгейде өзін көрсете білген, қалалық турнирлердің жеңімпазы, үздік спикер, үздік төреші дипломдарының иегері.



Клубымыздың фавориттері Ақтамақ, Азиз, Нұртас, Еркеайым, Ару, Диана, Несібелі

Алдағы турнирде қанжығамыз бос қайтпасына сенеміз. Алайда Астана үлкен қала, бәсекелестік өте жоғары.

https://www.instagram.com/p/CmRTq5_MxZk/

Егемен еліміз 16 желтоқсанда салтанатты жағдайда Ұлттық мереке — Тәуелсіздік күнін атап өтеді. Қазақстандықтар алмағайып өтпелі кезеңнің барлық қиындықтарын жеңіп, әлемдік сахнаға көтерілді.

Мектебімізде бүгін "Тәуелсіздік Тәңірдің сыйы" атты мерекелік кеш өтті. Мектебіміздің өнерлі оқушылары тарихи тақырыпқа көрініс көрсетсе, бишілер би билеп мерекенің көркін келтірді. Таушанбай ағай басқарған оркестрдің тамылжыған күйі, әнші оқушылардың әуезді әндері көңілді толқитты.



Кешіміздің қонағы Желтоқсан оқиғасының куәгерлері мектеп оқушылары мен ұжымына игі тілектерін білдіріп, мерекемен құттықтады. Дарынды да өнерлі оқушы тәрбиелеуде жетістікке жеткен ұстаздар қауымы Алғыс хаттармен марапатталды. Мектептің атаулы медалін кезекті иегерлеріне табыстады. Мереке құтты болсын! Еліміз аман болсын!

https://www.instagram.com/p/CmMYr1is_IF/

М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясында мерейлі мерекеге арналған «Тәуелсіздік – тәңір сыйы» атты мерекелік концерт өтті.

Концерт мектебіміздің «Music hall» театрының оқушылары дайындаған сахналық қойылыммен басталды. Патриоттық ән шырқалып, би биленді. Көрермендер мектебіміздің домбырашылар ансамблінің талантына тәнті болды. Сонымен қатар ұстаздардың орындауында Тәуелсіздіктің құрбандары рухтарына арналған «Желтоқсан желі» әні шырқалды. Концертке желтоқсан оқиғасының куәгерлері Анаргүл Тұрарқызы мен Райгүл Жолтайқызы қатысып, құттықтауларын білдірді.



Мерекелік бағдарлама барысында оқу-тәрбие процесінің дамуына қосқан елеулі үлесі үшін бірқатар мұғалімдер марапатталды.

<https://www.instagram.com/p/CmMBIqrLEZV/>

Оқушылардың қысқы демалысын көңілді әрі қызықты өткізу мақсатында мектепшілік спорттық іс-шаралар 04-05.01.2023ж. ұйымдастырылып өткізілді. Іс-шарада волейбол, баскетбол, шахмат, тоғызқұмалақ, бес асық ойын түрлерінен жарыстар өткізіліп, оқушылар үлкен қызығушылықпен қатысып, белсенділік танытты.



ахматтан :

I орын 4 «И» Азаматұлы Қайсар

II орын 3 «В» Серік Рамазан

III орын 2 «Қ» Шыныбай Жанболат

Жауапты мұғалім Мажит Н.С.

Тоғызқұмалақ:

I орын 4 «А» Анварбек Диас

II орын 3 «Ә» Анварбек Сандуғаш

III орын 4 «Ж» Қоңырбай Диас Жауапты мұғалім Омарова А.К.



ес асық:

I орын 9 «Б» Шәмшә Назгүл

II орын 9 «Б» Оразбек Гүлсезім

III орын 6 «Ә» Нурбекова Бану

IV орын 6 «Б» Есболат Арайлым Жауапты мұғалім А.У.Ускенбаева.



Волейбол:

I орын 9 «В» сынып командасы

II орын 9 «Е» сынып командасы

III орын 8 «Г» сынып командасы

I орын 11 «В» сынып командасы

II орын 11 «Б» сынып командасы

III орын 11 «А» сынып командасы Жауапты мұғалім: А.К.Нуртазин., А.У.Ускенбаева.

Баскетбол:

I орын 9 «Е» сынып командасы

II орын 8 «В» сынып командасы

III орын 10 «В» сынып командасы Жауапты мұғалім: А.Уямдас., Ж.Уатхан.



<https://www.instagram.com/p/CnLnxioopA0/>

Астана қаласы Мұхтар Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясының Мектепшілік басқару ұйымының Парламент көшбасшыларының ұйымдастыруымен кең ауқымды десант өтті. Эстафетаға 70 оқушы қатысты. Оқушылар республикалық “ҚАР ДЕСАНТЫ” акциясына белсенді түрде атсалысты. Акция алдымен саптық жиыннан басталып, “Біргеміз” флешмобын биледі. Мектеп алаңындағы қарды тазалап, көктайғақ сырғанақ мұздың қабатын ойды.



<https://www.instagram.com/p/Cnnvo9Nhq01/>

Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың болмысында атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Ғасырдан-ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, діні, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері, ұлтымыздың рухани байлығы. Сол құндылықтардың арқасында біз өзіміздің халықтық қалпымызды сақтап, әлемге танылып отырмыз. Ұлттық құндылықты ертеңгі күнгі ұрпағымызға жеткізу - біздің міндетіміз. Осы мақсатта мектебімізде «Құрмет құндылығы» айлығы аясында «Ұлттық салт-дәстүрге құрмет көрсету» іс-шаралары жүргізілді.



Әр әдістемелік бірлестік ұстаздары үлкен қоңырау кезінде мектеп оқушыларына қазағымыздың ұлттық салт-дәстүрлерін көрсетті. Бүгін осы шараның қорытындысы шығарылып, жеңімпаз әдістемелік бірлестіктер марапатталды. Марапаттау рәсімі шағын концертпен аяқталды.

https://www.instagram.com/p/Cn6w_wSrZ1j/

16.9.2023ж. «Құндылықтарға негізделген мектеп» тәрбиелік жобасы бастау алды.

- Оқушылардың кітап оқуға деген дағдысын қалыптастыру мақсатында сабақ басталуына дейін әр 20 минут кітап оқыды;
- Сабаққа жақсы көңіл-күй қалыптастыру және салауаттылық және дене мәдениетін қалыптастыру мақсатында оқушылар мен ұстаздар «Қара жорға» биін биледі;
- ҚР гимні мен мектебіміздің әнұраны орындалды;
- «Құрмет құндылығы» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өтті.

Құрмет көрсету – азаматтық адамгершіліктің негізін қалаушы құндылық. Осы орайда қаңтар айында «Құрмет» құндылығын оқушылар бойына сіңіру мақсатында бірқатар іс-шаралар жоспарданды. Құрмет көрсету – өзіне және өзге адамдарға деген көрсетілетін ерекше қошемет. Мектеп әкімшілігі мектеп ұжымы мен оқушыларды жылы жүзбен, ерекше қошеметпен қарсы алып, жаңа аптаға айрықша серпін берді.

Құрмет айының алғашқы аптасындағы “Үлкенге құрмет-кішіге ізет” тақырыбына байланысты оқушыларымды аздаңда тәттімен қарсы алып ізеттілік көрсетудегі сәт.



https://www.instagram.com/p/CnduoLHI7Ty/?igsh=ZHV6amVhbmJvM3Nv&img_index=4

Бейнероликтер. Қазақта отбасының әр мүшесінің өз орны бар.

Балалары ата-әжесін, әке-шешесін құрметтейді. Аға-әпкелері мен іні-қарындастарына қамқор болады.

Дастархан басында отырғанда осы қағида сақталады. Үлкендер-тәрде, олардың оң жағында қыздар, сол жағында ұлдары, одан төменірек балалар, келіндер жайғасады. Төр құрметті орын. Біздің халқымызда үлкенді құрметтеп, кішіге қамқор болуға бала кезден көңіл бөлінеді.



https://www.instagram.com/p/Cnr8uCPbKl/?igsh=ODB6OWRoM21hZzhi&img_index=1

20.01.23 күні мектебімізде кітапханашылардың ұйымдастыруымен *Оқуға құштар мектеп* аясында *Ең көп кітап оқитын оқушы* сайысы ұйымдастырылып, біздің

сыныптан Қайрат Нурназар 2 орын, Нұралы Жалғас 3 орын, Қыпшақбай Әділбек 3 иеленді.

Бұл балалар каникул бойы ата-аналарымен бірге оқып дайындалды.



https://www.instagram.com/p/CnuesXarcbW/?igsh=Y3Voc21hdGE1anF1&img_index=1

ектебіміздің 1 "Е" сыныбында "Үштік одақ" Мұғалім +Оқушы + ата-ана бірігіп Тіл құндылығын дәріптеу мақсатында тіл туралы өлең жолдары оқылып, мемлекеттік тілді насихаттайтын көрініс қойылды. Оқушылар біркелкі ұлттық киім киіп ерекшеленді.



https://www.instagram.com/p/Cnv5tTQssi7/?igsh=OHE5OTRwcDFwMW0%3D&img_index=3

"Тілге құрмет - елге құрмет!"

Мақсаты: Өз ана тілінің көркемдігін сезініп, сөз құдіретін түсініп, оның адам өміріндегі маңызын ұғуға үйрету.

Оқушылар тіл туралы білетін тақпақтарын, мақал-мәтелдерін айтып, мағынасын ашып, ситуациялық жағдайларды талдап, өз ойларын бөлісіп, ой түйді. Бойымызға ананың сүтімен дарыған тіл бірінші байлығымыз, баға жетпес қазынамыз. Оны білу, құрметтеу барлығымыздың парызымыз деп санаймын.

Қорыта айтқанда, тілді құрметтеуді әркім өз отбасынан бастау қажет. Әр халық өз тілінде сөйлеп, оны дамытуға, ұлттық дәстүрді сақтауы тиіс.



https://www.instagram.com/p/CnwVXF9rQlr/?igsh=MWFoYm15bnI0bHUwMA%3D%3D&img_index=3

Қазақтың ұлттық ойындары - бабаларымыздан қалған асыл қазына. Оның ішінде "Асық ату" ойыны. Мақсаты: Халқымыздың ұлттық ойындарының қалай қалыптасқандығы, оның атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып отырғандығы туралы мағлұмат беру.

Асық ойынын ойнату арқылы баланы тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, мергендікке, икемділікке, батылдыққа үйретеміз.



4 Ж СЫНЫП



https://www.instagram.com/p/CnwVbmKrPeF/?igsh=MTluYTRhMXczd3ZjNQ%3D%3D&img_index=1

Ұлттық құндылықтарымызды бала бойына сіңіру, салт-дәстүрлерімізді дәріптеу, Отанға деген сүйіспеншілік пен рәміздерге деген құрметті іс-әрекетімізбен іске асыру міндетіміз. Осы мақсатта бүгінгі тәрбие сағатымыз жүзеге асты. Алдағы уақытта осы дәстүрді жалғастырып құндылықтарымызды құрметтеу жалғасын табады.



<https://www.instagram.com/reel/CnwVnVkhAaQ/?igsh=MTlwYzEzNGVwZDFtMw%3D%3D>

23.01.2023 күні 7 “В” сыныбы “Салт-дәстүрге құрмет” апталығын бастады. Әдеттегідей, 13:30-да кітап оқыдық; 13:50-де жаттығу жасадық; 14:00-де ҚР әнұраны шырқалып, сынып сағатымыз өткізілді. Сынып сағатында көптеген салт-дәстүрлер еске алынып, алдағы аптада жасалатын кішігірім іс-шаралар жоспарланды! «Өткенді білмей, келешекті білу мүмкін емес.



<https://www.instagram.com/reel/CnwVyOfBxAg/?igsh=MTFsbTI1ODdibXpzZQ%3D%3D>

Қазақ жолында құда түсіп сөйлесіп, құдалық бекіскенде, қыздың әке-шешесі құдаларының алдына әкеліп малға бата жасатады. " Құйрық- бауыр жедік, құдай дестік, құда болдық" деп құдалықты осы кәдемен бекітеді. Оны қазақ кәдесінде құйрық- бауыр жеуде екі жақ бауырдай жақын, құйрықтай тәтті болыңдар деген нанымды ырым жатыр.



https://www.instagram.com/p/Cnzb6o2M808/?igsh=b2c3NDVramxyY215&img_index=1

Балалар таңғы жаттығудан соң, көтеріңкі көңілмен “Тәуелсіз қазақстан республикасының мемлекеттік рәміздері” тақырыбындағы тәрбие сағатын өткізді. Мемлекеттік рәміздерді дәріптеп, Отанға, тілге, жерге деген құрметтерін білдірді.

4 “А” сынып оқушылары



<https://www.instagram.com/reel/Cn3pH6yDuG8/?igsh=MXNiemJjYnowZ2V0ZQ%3D%3D>

Астана қаласының білім беру ұйымдарының 2022-2023 оқу жылына арналған спорттық бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру, әскери-спорттық іс-шаралар мен жарыстардың күнтізбелік жоспарына сәйкес, Астана қаласының мектеп лигасы шеңберінде Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында тоғызқұмалақтан 5-6, 7-8, 9-11 сынып оқушылары арасында жарыстары 2023 жылғы 24-27 қаңтар күндері аралығында ұйымдастырылып, өткізілді. Жарысқа Астана қаласының 80 мектебінен 320 оқушы қатысты

Жарыстың қорытындысы;

5-6 сыныптар

2 орын - Бином Ұлы дала мектебі;

3 орын - № 32 мектебі;

1 орын - № 37 мектебі;

2 орын - № 90 мектебі;

1 орын - № 37 мектебі;

9-11 сыныптар

3 орын - № 58 мектебі;

7-8 сыныптар

2 орын - № 86 мектебі;

3 орын - № 76 мектебі;

1 орын - № 24 мектебі;

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер Астана қаласы әкімдігінің Өркен балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығының кубок, медаль және дипломдарымен марапатталды!

Команда құрамы 11в Құдайберген Ерасыл. 9д Махмутжан Әзімхан. 9б Ахназар Алия. 10ә Холбоева Севинч

ҚАЛАЛЫҚ Мектеп лигасы бағдарламасының Тоғызқұмалақ ойыны жарысы

Команданың жетекшісі: Омарова Айсулу Карибаевна




https://www.instagram.com/p/Cn6lEUELWdA/?igsh=bjZzcWxrYmV2cWgz&img_index=1

2.02.23 күні мектебімізде ағылшын тілі мұғалімдері ұйымдастырған «Саналы ұрпақты қалыптастыру жолы!»

(The way to form a conscious generation!) тақырыбында сыныптан тыс іс-шара дебат сайысы өтті. Дебатқа ағылшын тіліндегі командалар қатысты. Қатысқан командалар: "Big win theory", "Only facts", "The success", "Bright stars". "The success" және "Big win theory". "The success" пен "Big win theory" командалары жеңіске жетті. Оқушылар "The best speaker", "Charming and witty", "The best analyst" номинацияларымен марапатталды. Дебаттың арнайы жюри мүшесі шет елдік қонағымыз, ЕНУ-де ағылшын тілі кафедрасының мұғалімі, August Grancy мырза болды. Сонымен қоса дебаттың турлары арасында 5 "B", 6 "B""Г", 7 "B", "Ж" сынып оқушыларының қойған концерттік номерлері келген қонағымыз бен оқушыларға өте ұнады. Алдағы уақытта осы командаларды дайындау жұмыстары жалғасын табады, оқушылар дебат ойындарын жандандыруға қызығушылықтары жақсы және оны дамытуға талпыныстары бар



“Ән падишасы-Роза” атты ән байқауы. Біздің мектептен осы байқауға қатысып отырған 9”Г” сынып оқушысы Әлжан Нұрислам Жұмағалұлына сәттілік тілейміз!!!



https://www.instagram.com/tv/CoWTzR_A-gA/?igsh=MW5qMGM1bWVsb25tcQ%3D%3D

Қоқысты сұрыптау – бұл біздің елімізде ғана емес, бүкіл әлемдегі жаһандық мәселелердің бірі. Осыған орай 11"В" 6"Ғ" 5"Е" сынып оқушылары "Қайталама шикізатты қабылдау орнына барып өз үлестерін қосып, мақалатура өткізді.



<https://www.instagram.com/tv/CoXvxBIGDq/?igsh=a3d4NDJvdTFmZnVu>

Ерте заманнан ата-бабаларымыз сұлулықтың көркем үлгісін ару қыздың тал бойынан көруді көксеген. «Қыз – өріс, ұл – қоныс» деп білгендіктен қазақ халқы өрісін кеңейтер қыз балаға айрықша көңіл бөлген. Осы орайда денсаулық құндылығы аясында мектебімізде жасөспірім қыздармен №15 қалалық емхананың дәрігерлерімен «Жасөспірім қыз балаланың гигиенасы және репродуктивті денсаулығын қорғау» тақырыбында кездесу өтті. Кездесу барысында қыз балалардың гигиеналық мәдениеті, әлеуметтік бейімделуі, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру жөніндегі мәселелер қозғалды. Қыздар мен дәрігерлер арасында ашық және сенімді әңгіме орын алып, жасөспірім қыздар дәрігерлерден әртүрлі сұрақтарына жауап ала алды.



https://www.instagram.com/p/Cob6L4DL-eA/?igsh=aDN5eWlmaDdiMzJj&img_index=4

Мектебімізде 09.02.2023ж мектеп психологтары Дәмебаева Б.К., Бектурганова С.М., Бакирова Ж.Н. 5 «К» сыныбына «Мен және менің ортам» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді.

Тренингтің мақсаты- оқушыларды өзін-өзі тануға және дұрыс қарым-қатынас құру дағдыларын меңгеруге үйрету.

Оқушылар тренингке белсене қатысып, өте жақсы көңіл-күйде болды.

Тренинг барысында оқушылар дұрыс қарым-қатынас жасау жолдары жайлы өз ойларын білдірді. Сонымен қатар бір-біріне жақсы көңіл-күй сыйлап, ізгі тілектерін айтты.




https://www.instagram.com/p/CocSxX9Lzbb/?igsh=cWFtNWpwc25oMXpk&img_index=1

09.02.2023 жылы М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясының 5-7 сынып оқушыларына Астана қаласы ПД ППП инспекторы полиция капитаны Қ.Ж.Қошқарбаев пен Астана қаласы "Алматы" ауданы ПБ ЖПҚБ ЮПБ учаскелік инспекторы полиция майоры Ғ.Т.Шамаева, Құқық бұзушылықтың алдын алу менеджері Ж.А.Маханбетовамен бірлесіп "Жолда жүру ережесі", "Балалардың қауіпсіздігі" тақырыбында дәрістер жүргізілді. Кездесудің өтілуі мен оқушылардың толық болуына тәрбие-ісі жөніндегі орынбасарлары жауапты болды Р.Т.Туртаева мен А.А.Толубекова



https://www.instagram.com/p/CocTjZZLdos/?igsh=MXBxaW9iazlrMjh6NQ%3D%3D&img_index=1


«М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясы» кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітапхана меңгерушісі Айтбаева Салтанат Аукеновна қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Байтуғұлова Гульбаршын Қалидуллақызымен бірігіп 8 «Г» сыныбымен Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасы бойынша «Қазіргі қазақ отбасындағы әженің ролі» атты пікірсайыс өткізді. Мақсаты: өскелең ұрпақты көркем әдебиет оқуға қызықтыра отырып, шығарманың өн бойындағы құндылықтарды ұрпақ санасына сіңіру.



<https://www.instagram.com/reel/Cocbe28jC3Z/?igsh=bW92bjFmdHVqM2Yw>

8 Г сынып оқушылары “ақпан айы - денсаулық айы” жоспары бойынша мектептің дәлізінде “эко-акция” жүргізді. Акцияға 5 сынып оқушылары белсене қатысты. Өздерін экология сақшылары деп атаған 8 Г сынып оқушылары “денсаулығымызға экологияның

кері әсері болмау үшін, табиғатымызды аялау керек екенін, қорғау керек екенін, қоқыстарды сұрыптай білу керек екенін” түсіндіріп өтті. Және де қызықты ойындар ұйымдастырып, экология тақырыбына сөзжұмбақ берілді. Белсене қатысқан оқушыларға тәттілер таратылды.



<https://www.instagram.com/reel/Cocy3S5jNEd/?igsh=emF0MGtxOTM3Mm1j>

Ауған соғысы Кеңес Одағы кезіндегі қайғылы тарихи оқиғалардың бірі. Биыл ақпанның 15-і күні Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен толықтай шыққанына 34 жыл толмақ. Осыған орай мектебімізде 10-сынып оқушылар арасында «Хас батыр» әскери-эстафеталық сайыс ұйымдастырылды. Бұл іс-шара «Құндылыққа негізделген білім беру» жобасы бойынша Денсаулық құндылығы айлығымен тұспа - тұс келіп отыр.

Шараның мақсаты — оқушылар арасында әскери-патриоттық сезімді қалыптастыра отырып, ұлттық рухты жігерлендіру. Жарысқа қатысушы жастарды қайсарлық пен жігерлілікке баулу.



https://www.instagram.com/p/CoegwNfLZZy/?igsh=MTh1YW9icHBodTJ2NQ%3D%3D&img_index=1

7 “б” сынып оқушылары денсаулық айлығына байланысты “Спорт-денсаулық кепілі” атты челленджін 7 “Е” сынып оқушыларына жолдайды. Шарт бойынша оқушылар қоңырау уақытында 50 отжимания жасауы қажет!



<https://www.instagram.com/reel/CofT1s9jbP/?igsh=MWhwOW40bmJ2c2h3ag%3D%3D>

Мұқағали Мақатаев- қазақ поэзия әлеміне шетсіз- шексіз кеңістік пен көз сүрінген биіктік әкелген ақын. Кәусар сезім мен тояттамас көңіл, шалқыған шаттық пен мұңға тұнған махаббат, буырқанған шабыт пен сабырға көнбес сағыныш сыйлаған ақын.

Бір күндік сәуледей ағып өткен қазақ жырының шоқ жұлдызы Мұқағали Мақатаевтың туған күніне байланысты 11 а сынып оқушыларының ұйымдастыруымен 8-11 сынып оқушылары мектептің мәжіліс залында продюссер Назгүл Қарабалинаның “Мұқағали Мақатаевтың өмір баяны” туралы телехикаяны тамашалады.



https://www.instagram.com/p/CofU4MUrO96/?igsh=MXU1cGQwZGpzcGg4ZQ%3D%3D&img_index=1

4-11 ақпан 2023ж

Риторика дебат клубы өзінің екі сенбіндегі жұмысын "Кейсті қалай құрамыз" тақырыбындағы сабаққа арнады. Себебі мықты кейс құрмай жақсы ойын көрсете алмайсың.



https://www.instagram.com/p/Col3hmHoKxu/?igsh=MXB3aWtqZjRpYzRxZg%3D%3D&img_index=1

Астана қаласы әкімдігінің «Өркен» балалар мен жасөпірімдер дене тәрбиесі орталығының ұйымдастыруымен Қалалық мектеп лигасы шеңберінде өткен Бес асықтан жарыста мектебіміздің құрама командасы жүлделі ІІ орынды иеленді. Команда бапкері А.У.Ускенбаева. ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!!!



https://www.instagram.com/p/Col4ZCt1Tl/?igsh=MXA4N2RiaHdkbHN1ZA%3D%3D&img_index=2

2023 жылдың 15 ақпан күні М.Өтемісұлының 220-жылдығына арналған "Ұлы дала - ұрпағы" атты әдеби-музыкалық композицияның қалалық байқауында ұйымдастыру комитетінің шешімі бойынша М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясы І ОРЫН иеленді. Байқаудың финалына топ жарып шығып, барлық білім беру ұйымдарының ішінде жеңіске жете білген жас маман Ерхан Қайратұлына алғысымыз шексіз.



https://www.instagram.com/p/Cot_NIZLptC/?igsh=cHB3MjNndHZlY3oy&img_index=6

17 ақпанда мектебімізде біріңғай «Спорт-Тіме» денсаулық алаңы өтті. Денсаулық құндылығы аясында өткен іс-шараға І ауысымдағы 1285 оқушы қатысты. Денсаулық алаңының мақсаты – жасөспірімдерді салауатты өмір салтына баулу. Міндеті:

- балалардың дене шынықтыру жаттығуларына деген қызығушылығын ояту;
- жастардың қоғамдық белсенділігін арттыру;
- үлкендер мен өскелең ұрпаққа дұрыс үлгі таныту.



<https://www.instagram.com/reel/Cow0BEBjbcG/?igsh=aXhiamJ5bXZ1emQx>

Жасөспірімдер арасындағы өзекті мәселелердің бірі құқық бұзушылықты, тәртіпсіздікті болдырмау, зиянды әдеттерге бой алдырмау мақсатында 2023 жылдың 17 қаңтар күні сағат 13.00-де Вейпинг "Темекі шегу және оның қаупі" тақырыбында stand app форматында пікірталас өтті. Пікірталасқа 8-11 сынып оқушылары қатысты. 11 А сынып оқушысы Нұртай Нұртас «Электронды темекі: Вейп несімен қауіпті?» тақырыбында өз ойымен бөлісіп, түсіндірме жұмысын жүргізді. Пікірталас барысында электронды темекінің құрамы, қолдану барысындағы денсаулыққа келтіретін зияны, әуестіктің пайда болу жолдары т.б. жайлы толық мағлұмат беріліп, оқушылармен пікір алмасу жұмысы жүргізілді. Оқушылардың электронды темекіні қолдануға қатысты көзқарасы тыңдалды.



https://www.instagram.com/p/CoxGZJzsTls/?igsh=cnE3dDYxY2pwdTNw&img_index=1

Барлығымыз деніміз сауболып, ұзақ өмір сүргіміз келеді. Тазалық-денсаулығымыздың кепілі. Тазалық бар жерде әрқашанда жақсы өмір қатар жүреді. Денсаулығымыз мықты болу үшін спортпен айналысып, әркезде детаза жүреміз. Адам өмірінде тазалықтың аларорны маңызды. Жаны таза адамның өмірге деген көзқарасы жарқын, ерекше болады. тазалық әркезде де біздің жанымыздағы сенімді серігіміз болуы шарт. Әрқашанда тазалық денсаулықтың жақын досы екенін түсініп, денсаулықтың адам өміріндегі маңызын түсіну мақсатында, денсаулық апталығына орай, жоспарға сәйкес “Таза сынып бөлмесі” акциясына байланысты 8 “Д” сынып оқушылары өз сынып бөлмесінде тазалық жұмысын ұйымдастырып өткізді.



<https://www.instagram.com/reel/CoyrF2UIJmy/?igsh=eGNpbjBoNXQ4MnJl>

II қалалық Әкелер волейбол турнирінде біздің мектептің әкелер командасы 1 орынды иеленді. Топ жарып шыққан әкелерімізге алғыс айтамыз.



https://www.instagram.com/p/Co2JQ-7MAAsO/?igsh=MTBtZDl1dDE5dm1sdw%3D%3D&img_index=1

М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясында Алғыс айту күніне орай «Мейірімді әке жүрегімен» атты 1- сыныптар арасында 20 ақпан күні жәрмеңке ұйымдастырылды. Бұл іс-шараға әкелер мен оқушылар ат салысып, түрлі дәмді тағамдар дайындап, оқушылар мен ұстаздарға және мектеп қызметкерлеріне сатылды. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» - демекші мейірімді әкелердің қолынан тәттілерді алған оқушылар керемет сезімде болды.



https://www.instagram.com/p/Co4bMS7LUmx/?igsh=MXI0ZXpmMmlkNGpyNQ%3D%3D&img_index=1

«Мұғалімі қандай болса, мектебі де сондай болмақ» деп ғасыр басында ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей мектептің жүрегі саналатын мұғалімдердің біліктілігін, тәжірибесін арттыру өте маңызды. Тәжірибелі мұғалім мектепті алға сүйреп, оқушының білімді болуына септігін тигізеді. Осындай мақсатта 2023 жылғы 21 ақпанда Астана қаласы Мұхтар Әуезов атындағы «№86 мектеп–гимназия» ШЖҚ МҚК және Білімді жаңғырту орталығының ұйымдастыруымен "Бала Абай" сабағында тілдің дағдыларды дамытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану» атты мектепшілікте өткен ашық сабақтар жоғары деңгейде әрі әсерлі өтті.

Мақсаты: Абай өлеңдері арқылы балаларды жақсы қасиеттерге тәрбиелеу, әрқашан ұқыпты, зерек болуға үйрету.

Бастауыш сынып мұғалімдері Абишева Ф.Р, Абдукодирова М.Е, Сахова А.Ө және Жаркеева Л.А. Бүгінгі ашық сабақтарында мұғалімдерге оқылымның тиімді стратегияларын ұсынды, әрі іс-тәжірибесімен де бөлісті.



https://www.instagram.com/p/Co7hdN7MzoH/?igsh=MWtwMG94dm80YW9maA%3D%3D&img_index=1

Қайырымдылық жәрмеңкесі-бұл қолдауды қажет ететін адамдарға көмектесудің тамаша тәсілі ғана емес, сонымен қатар адамдардың жанашырлық пен жауапкершілік сезімдерін тәрбиелеу.

М. О Әуезов атындағы 86 мектеп-гимназиясында Алғыс айту күніне орай

" Мейірімді әке жүрегімен " атты 2-ші және 5-ші сыныптар арасында 22 ақпан күні жәрмеңке ұйымдастырылды. Бұл жәрмеңкенің мақсаты – әлеуметтік көмек алуға құқығы бар аз қамтылған, көпбалалы, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсету.

Бұл іс-шараға ата-аналар мен оқушылар ат салысып , түрлі дәмді тағамдар дайындалып, сатылды.



https://www.instagram.com/p/Co_nGAcIZzK/?igsh=MXQyb3JqMWgwNXQ0aA%3D%3D&img_index=3

22.02.2023 күні Астана қаласының "Әл-Фараби" атындағы оқушылар сарайында өткен "Тұлғалардың ізімен" атты аймақтық оқушылар айтысы өткізілді. Нәтижесінде 86 мектеп-гимназиясының 10 сынып оқушысы Жақатаева Науат жүлделі 1 орын иегері атанды. Жетекшісі Тлеуқұл Нартай Алдабергенұлы



https://www.instagram.com/p/CpAp1ssMSH/?igsh=MWVrcnJrcDRibG44ZA%3D%3D&img_index=1

2023 жылдың 24 ақпанында

86 мектеп-гимназиясында "Қыз еркем-анаммен көркем" атты қыздар мен аналар байқауы өтті. Байқауда 5 "А, Б, В, Д, Е, И" сынып оқушылары бақ сынасты.

Мақсаты: Болашақ қыздарымыздың тәрбиелі, өнерлі болып, анасына қолғанат, инабатты, ибалы, үлкенді сыйлап, кішіні құрметтейтін, көргенді қайтпас қайсар қыздарын тәрбиелеп отырған мейірімді ата-аналардың қыз бен ана арасындағы парасатты тәрбиені насихаттау. Ата-ана тәрбиесі – қазақ халқы үшін толассыз таусылмайтын қазына. Бүгінгі таңда нағыз ұлтжанды, жүрегі «қазақ» деп соғатын азаматтарды тәрбиелеу үшін ата-ана тәрбиесі- ең басты, ең маңызды, ең қажетті, ең керекті тәрбие. «Қыз өссе елдің көркі, гүл өссе жердің көркі» демекші, қыз бала өмірдің жалғасы, отбасының жеміс берер гүлі.

Бұл байқауда бас жүлдені

5 "А" ,

1 орын - 5 "Е" ,

2 орын - 5 "В",

3 орын - 5 "Д" иеленсе,

5 "Б" - шығармашыл отбасы,

5 "И" - өнерлі отбасы номинацияларымен марапатталды.



https://www.instagram.com/p/CpDSubtMzsp/?igsh=aXRzZjdkaHBwd3Fk&img_index=1

Қазақтың ұлттық ойыны 'Тоғызқұмалақты' жастар арасында дәріптеуші жаттықтырушы Байжұманов Нұрым Бекенұлын еске алуға арналған Астана қаласының білім беру қызметкерлері арасында өтетін қалалық турниріне қатысып 1ші орын иеленді



https://www.instagram.com/p/CpF8Y6bL7j4/?igsh=d3JsaTl6cW9zZnlp&img_index=1

1- Наурыз алғыс айту күніне орай 1 «А» сыныбында «Рақмет саған Отаным» атты тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Оқушыларға Отан туралы түсінік беру, Отанға деген құрмет пен

сүйспеншілікті түсіндіру. Алғыс күні Отанымызға ризашылық пен алғыс, жақсы тілек, ізеттілік туралы түсінік беру, бір — бірімен үйлесімді қарым — қатынас жасай білуге үйрету.

Отанымыздың салт — дәстүрін, мәдениетін өзіндік үлгі өнегесін оқушылардың бойына сіңіру. Бейбітшілікте татулықта өмір сүруге тәрбиелеу болды. Алғы айту күніне «Ең үздік ашық хат» байқауы да өткізілді. Балалар өздері қолдарымен жасаған ашық хаттарын кімге арналғанын оқып айтып берді.



https://www.instagram.com/p/CpMEycRIkqm/?igsh=dmphdnEwdWgwMW9v&img_index=3

28.02.2023ж, Мухтар Әуезов атындағы N86 мектеп- гимназиясының 4 "Ж" сынып оқушыларының арасында " Біз біргеміз, берік іргеміз!" атты тренинг жүргізілді. Жауапты: Дамебаева Б.К. Бектурганова С.М. Бакирова Ж.Н. Мақсаты: оқушылардың позитивтік көңіл-күйін көтеру, жүйке жүйесін демалдыру, бір-біріне деген құндылық, сергектік, адамгершілік қатынасын қалыптастыру және ұжымды біріктіру.



<https://www.instagram.com/tv/CpPuRVzDLI0/?igsh=MWo3OTlsYmR3bnhsbw%3D%3D>

7 "Б" -сынып оқушыларымен "Сүйіспеншілік деген не?" тақырыбындағы сынып сағатында "M&M's" және "Айналмалы шеңбер" атты тренинг ойындары ұйымдастырылды.

Оқушылар бір-бірімен "Сүйіспеншіліксіз әлем қандай болар еді?" , "Сүйіспеншілікті қалай білдіруге болады?" сынды сұрақтарға жауап беріп, ой бөлісті.



<https://www.instagram.com/tv/CpxBvnzDKRI/?igsh=MWtycHkzaWY5cmpvYQ%3D%3D>

Астана қаласының Білім басқармасы Наурыз мерекесіне арналған челленджді М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясы жалғастырып, Ж.Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясына жолдайды.

Құрметті оқушылар мен студенттер, Сіздерді Наурыз мерекесіне арналған челленджге қатысуға шақырамыз. Ол үшін мектептің Instagram парақшасында Наурыз мерекесіне байланысты ұлттық ойындар мен салт-дәстүрлердің маңызы туралы бейнеролик жариялау қажет.

Келесі кезекте Астана қаласы Білім басқармасының @bilimastana парақшасын #challengeauryz #nauryzmerekesi хэштегімен белгілеңіз.

Шарты:

Бейнеролик ұзақтығы 1-2 минут

Челлендж 14.03.2023 пен 20.03.2023 аралығында жалғасады.



<https://www.instagram.com/tv/CpzvIU2lhAA/?igsh=ZXhoMXVkajYyNTlw> и

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне орай М. Әуезов атындағы /86 мектеп гимназиясының 1” Е “ сыныбында оқушылар мен ата аналармен бірлесіп “Наурыз құтты болсын” атты мерекелік кеш өтті. Мерекелік кеш үштік одақ бірігіп керемет тойға ұласты.

Ата аналар қазағымыздың салт дәстүрінің бірі “Тұсау кесу” рәсімін өткізсе. Оқушылар өз өнерлерімен концерттік бағдарлама дайындады.



<https://www.instagram.com/tv/Cp2fcexIDJG/?igsh=MTYxbGtvMGFjYTVxYQ%3D%3D>

«М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясы» кітапханасында Республикалық "Бір ел-Бір кітап" жобасы аясында қазіргі қазақ әдебиетінің классигі, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Төлен Әбдік шығармаларына шолу 7"Е" сыныбымен өткізілді. Мақсаты: Жазушының өмір жолымен таныстыру. Төлен Әбдіков шығармалары адамгершілікке, ізгілікке, мейірімге, еңбексүйгіштік сынды қасиеттерге арналған. Төлен Әбдіков – іскер, ізденісі мол қоғам қайраткері. Қаламгер кино өнері мен театр өнеріне де өзіндік үлес қосқан, онда да айтарлықтай табысқа жетті.

Еуропалық алтын медальдің (2003), Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері (2004).



<https://www.instagram.com/tv/Cp2gbHWj1oN/?igsh=MWFsdGd3eTgwbXh1bw%3D%3D>

Наурыз мерекесіне арналған «Күй күмбірі» республикалық домбырашылар челленджі




https://www.instagram.com/tv/Cp4kGG_jg97/?igsh=MTQ3dW0zZnVtZnRmdA%3D%3D

29 наурыз күні қалалық деңгейдегі «Шаттық-2023» балалар мен жасөспірімдер арасындағы ашық шығармашылық байқауы өтті. М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясының өнерлі оқушылары «Фотосурет», «Хор әні», Бейнелеу өнері, Хореография, Аспап (соло) жанрлары бойынша байқауда өнерлерін көрсетті. Бүгінгі байқауды мектеп оқушыларының бойларындағы дарындылықтарын ұштау, бос уақытын тиімді пайдалану, шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында өткізіліп жатқан үйірме жұмыстарының нәтижесі деуге болады.



https://www.instagram.com/p/CqYEZJwM7Qw/?igsh=MzZpMW9sd294ajdu&img_index=7

Сырбай Мәуленов атындағы 37 мектеп-лицейінің 30 жылдық мерей тойы аясында өткізілген Алматы аудандық “Спорт-өнер, өмір негізі” тақырыбындағы спорттық және шығармашылық іс-шараға біздің мектептен “At-Rayan” ансамблі қатысып, жүлделі екінші орынды иеленді.



https://www.instagram.com/p/Cqe5jRaI1_m/?igsh=bmNod3hxaNj2djYw&img_index=2

Сәуір айының 4 күні мектебімізде "ТМД және алыс шетелдердегі қазақтар" тақырыбында сынып сағаты өтті. Мақсаты: оқушыларға қиын қыстау кезеңде өз Отанын кетуге мәжбүр болған қазақтар және ТМД және шетелдегі қазақтардың әлеуметтік жағдайымен

оқушыларды таныстырып, оқушыларға тың деректер беру. Оқушыларды отансүйгіштікке, елжандылыққа тәрбиелеу. Қорыта айтқанда, алыс және жақын шетелдердегі қазақ диаспорасының өкілдерін қазақ халқының тегіне жататындығы, ортақ тіл, ұлттық тағамдары мен мәдениеті біріктіреді.



<https://www.instagram.com/p/CqnLxzStuAM/?igsh=dzNzc3lodjVINmhi>

04.04.2023 жылы М.Әуезов атындағы 86 МГ бастауыш сыныптарға Жолда жүру ережесі туралы оқушыларға түсіндіру жұмыстарын Астана қ. ПД Алматы ауданы жергілікті полиция қызметінің ювеналдық полиция бөлімінің инспекторы полиция майоры Ғ.Т.Шамаева мен мектеп менеджері Ж.А.Маханбетова бірлесіп өткізді.



https://www.instagram.com/p/CqqG2U2s2M/?igsh=NWFueGJ0OTkxbzlx&img_index=1

Бүгін мектебімізде Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясымен кезекті кәсіптік бағдар беру күні ұйымдастырылды.

Мақсаты-оқушылардың мамандық таңдау бойынша шешім қабылдауына қолдау көрсету, ынтымақтастықта жұмыс жүргізу;

Кәсіби бағдар беру жұмысы барысында оқушыларымыз мамандықтар әлеміне саяхат жасап, өздерін қызықтыратын мамандықтар бойынша көптеген маңызды ақпараттар алды.

Мамандық таңдау дегеніміз өзің айналысқың келетін сүйікті кәсіпті таңдау ғана емес, ол-өзің араласқың келетін ортаны таңдау! Сол себепті бұл іс үлкен жауапкершілікті қажет етеді.



https://www.instagram.com/p/Cq9sIDqIGEv/?igsh=bG04cTA5dmhhdWV6&img_index=3

2022-2023 оқу жылдың 10-14 сәуір аралығында өткен "Қауіпсіз терезелер" республикалық ақпараттық науқанына байланысты Астана қаласы М.Әуезов атындағы №86 МГ Астана қаласы Алматы ауданы ПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ полиция капитаны Шаримбекова Ақдидар Нәлібекқызы мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Туртаева Р.Р., Төлеубекова А.А. және мектебіміздің құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі менеджері Маханбетова Ж.А. бірлесе 14.04.2023 ж. акт залында орта буын оқушылары арасында профилактикалық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



https://www.instagram.com/p/CrLORQlo8M2/?igsh=MXc1aDNqeWprcnQydg%3D%3D&img_index=1

Өткен аптада 8 д сынып оқушылары бастауыш сынып оқушыларымен кездесіп, «Еңбек түбі-береке» атты құнды әрі пайдалы іс-шара ұйымдастырып өткізді. Өткізу барысында бастауыш сынып оқушылары еңбектің адам өмірінде ерекше рөл атқаратыны туралы білді. Әр оқушы өз ойын айтып, көңілді, әрі қызықты ойындарға қатысып, өздерін еңбексүйгіштікке, шаруақорлыққа, іскерлікке үнемді болуға тәрбиеледі. 8 д сынып

кішкентай бүлдіршіндерге сөзжұмбақтар жасырып, ойындар ойнатты. Оларға еңбектің түрлері туралы айтып, білімдерін кеңейтуге, ұғымдарын қалыптастыруға көмектесті. Исшара көңілді әрі қызықты өтті. Ең соңында белсене ат салысқан оқушыларға тәтілер берілді.



<https://www.instagram.com/tv/CrNo9dMoXcX/?igsh=MTRleGQ4Z2llbjRuaA%3D%3D>

22-сәуір, 2023ж

Шабыт мекені дебат турнирі, №74 мектеп-гимназиясында өтті.

Дебат—интеллектуалдық ойын, оқу-тәрбие процесіндегі тиімді әдіс. Бұл жол күрделі, сындарлы, көп іздену мен жаттығуды талап етеді. Тәжірибе жинамай ешқандай жеңіске жетуге мүмкіндік жоқ. Тек уақыт, еңбек, қайрат, ізденіс арқылы мақсатыңа жетесің. Бүгінгі турнир Риторика дебат клубы үшін тәжірибе алаңы болды. Жас буыннан "Қауесет" командасын алып бардық. Құрамы: Айса Мәншүк, Ахметжанова Дилназ. Бұл олардың алғашқы қалалық турнирі. Тартысты үш раундта 2-1-3 рангтарға ие болып, финалға өтуге 1 ұпай саны жетпей қалды. Осының өзі "Қауесет" командасына үлкен жеңіс. Білімдеріңді шыңдап, жеңіске жетулеріңізге тілектеспіз!



https://www.instagram.com/p/CrXZ5gPI8VO/?igsh=dzZwd2lhN2lkMDg3&img_index=4

22 сәуір күні "Еңбек"құндылығына айлығында 9Ғ сынып оқушылары ер мұғалімдермен бірлесіп "Біз біргеміз"жобасы аясында қалалық сембілікке қатысты.Сембі күні демалмай , таза стадионда оқушылар қызықты ойын өткізсін деп ,стадионды тазалады. "Бірлік бар жерде, тірлік бар" демекші бірлесіп, сембілікке қатысты.Мектебіміздіңосылай жайнап, таза болуы ерекше көңіл-күй сыйлады.



https://www.instagram.com/p/CrXaKsVI6mZ/?igsh=eHZxOWs0YXBjZHhx&img_index=5

2023 жылғы 27 наурыз бен 10 сәуір аралығында Астана қаласының аумағында өткізілген «Балалардың жолдағы қауіпсіздігі» республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасы барысында М. Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясының 1-5 сынып оқушылары арасында «Жолда жүру ережелері» тақырыбында ұйымдастырылған қолөнер жұмысы мен сурет салу байқауының қорытындысын грамотамен, алғыс хатпен, сондай-ақ сыйлықтармен Астана қаласы «Алматы» ауданы ПБ жанындағы АПБ ЖПҚБ бастығының орынбасары полиция подполковнигі Жақсалық Қабдыбекұлы Елюбаев марапаттады.



<https://www.instagram.com/p/CrfpazKrGY3/?igsh=NDgyZ3A4aHp0eDli>

2023 жылдың 28 сәуірінде “1-мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күнін” мерекелеу аясында «Бұл біздің Қазақстан» флешмобы өткізіледі. Мақсаты – әлем халықтарының дәстүрлі би өнерімен және олардың шығармашылығымен таныстыру, ұлтаралық және конфессияаралық бейбітшілік пен келісімді сақтау. Міндеті:

- Балалардың достық, толеранттылық сезімдерін нығайту.
- Жастардың қоғамдық белсенділігін арттыру;
- Үлкендер мен өскелең ұрпаққа дұрыс үлгі таныту.



<https://www.instagram.com/tv/CrkbUXyBW9B/?igsh=OXd2anA1azg0Y2Vr>

5-мамаыр күні білім ордамызда "Отаным бақыт ордасы", "Ұрпаққа ұран болған ұлы Жеңіс" тақырыптарындағы мерекелік іс-шараға байланысты "Жаса, Жайна Қазақстан" атты әскери-саптық шеру өтті. Шеруге оқушыларымыз белсенді қатысты. Саптық түзеу оқушылардың Отанға деген патриоттық сезімдерін нығайтып, үлкен тәжірибе береді. Мектеп директоры Базаркүл Сағындыққызы білім саласының дамуына, жас ұрпақты Отансүйгіштікке тәрбиелеуге үлесін қосып жүрген мектебіміздің ер - азаматтарын мерекемен құттықтап, алғыс хаттармен марапаттады.



<https://www.instagram.com/p/Cr2rncWMjE/?igsh=M3Z4Z2ZxOGw3MGI1&i>

"Біз біргеміз" жобасы аясында 5 "В" сынып оқушылары Қазақстан Республикасының Ұлттық музейіне саяхат жасады.

Музейге саяхат жасау оқушылардың үйлесімді дамып, қалыптасуына зор ықпалын тигізеді. Сонымен қатар, оқушыларды ұлтжандылыққа, мәдениеттілікке, өз елінің тарихын құрметтеуге тәрбиелеп, шежірелі өлкенің тарихын біліп қана қоймай, оны сүйіп, құрметтеу әрбір азаматтың міндеті екендігін жете түсінуіне көмектеседі. Оқушылар музейге бару арқылы музей экспозициясындағы құнды заттармен танысып, мол мағлұмат алып қайтты.



https://www.instagram.com/p/CsF473oMDHY/?igsh=cXd5dmx4MXdidjI5&img_index=3

ҚР Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің хабарлауы бойынша, 12 мамыр күні сағат 12.00-де мектептің ауласында терроризмге қарсы бағыттағы оқу-жаттығу өтті. Оған таңертеңгі ауысымдағы 708 оқушы, 87 мұғалім мен білім беру ұйымының 25 қызметкері қатысты.

■ Оқу-жаттығу барысында «Білім беру объектілерінде терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық» аясында бекітілген алгоритмдер тәжірибе жүзінде пысықталды.

Іс-шара барысында мектеп ұжымына терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі алгоритмдер нұсқамасы беріліп, тиісті деңгейде орындалуы қадағаланды. Оқушыларға нұсқау беріліп, қызметкерлер мен білім алушыларды жедел эвакуациялау ұйымдастырылды. Техникалық құралдардың яғни, дабыл түймесі, турникет және бейнекамералардың жұмыс істеуі және дабыл түймелері арқылы шақырылған жағдайда жеке күзет ұйымының жедел әрекет етуі тексерілді.

Айта кетейік, оқу-жаттығу тек профилактикалық мақсатты көздейді. Мектебімізде терроризмнен қорғау, қауіптің алдын алу үшін мұндай жаттығулар тұрақты жүргізіп тұрады.

Оқу-жаттығуды жүргізудегі түпкі мақсат – техникалық құралдардың тұрақты жұмыс істеуін бақылаудан бөлек, қауіп төнген жағдайда оқушылар, мұғалімдер мен қызметкерлердің дұрыс әрі қауіпсіздікті сақтап, жедел әрекет етуіне бағдарлау.



https://www.instagram.com/p/CsIo7rEtwbZ/?igsh=Y2R2NzVnem40eDBu&img_index=1

Бүгін 2023 жылдың 20 мамыр күні Махамбет Өтемісұлы атындағы оқушылар сарайында "Мұрагер 86" Гауһартас ансамбль Халықаралық конкурс фестивалі "Көктем DANCE SHOW" атты байқауында

#86 мектеп-гимназиясының оқушылары І орынмен марапатталды

4 "И" сынып оқушысы: Серікболатқызы Нұрай

5 "Б" сынып оқушысы: Молдағали Айша Сардарқызы

7 "Ж" сынып оқушысы: Жомартова Іңкәр Ренатқызы

5 "Б" сынып оқушысы: Шайдікәрім Инабат

7 "Ж" сынып оқушысы: Дуйсен Әлия

7 "Ж" сынып оқушысы: Айгузова Айша

Сатибекова Сандилад 7 "Ж" сынып оқушысы



<https://www.instagram.com/p/CseEIhSP9a/?igsh=MTFhYTJxem>

30 мамыр күні Астана қаласы әкімдігінің

Мұхтар Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясында "Жасыл мектеп" акциясы аясында көшеттер отырғызу мақсатында "Менің мектепшілік отбасым" тик-ток тренді өтті.

Іс-шараны өткізудің мақсаты- көшеттерді отырғызу, балалардың бос уақытын тиімді пайдалану, оқушыларды еңбекке баулу мақсатында мектеп айналасын көгалдандыруға тарту болып табылады.

Мектеп ауласында:

- “Жасыл мектеп” акциясының қорытындысы
 - өнерлі оқушылардың концерті, көгалдандыруға ат салысқан ата-аналарды марапатталды;
 - Жұмылған түрде мектеп ауласына сынып ата-аналарынан құралған отбасылық спорттық ойындар, эстафеталық жарыстар өтті;
 - бауырсақ пати, дәмді палау таратылды
- «Жасыл мектеп» акциясына мектебіміздің оқушылары, сынып жетекшілері және ата-аналары қатысты.



https://www.instagram.com/p/Cs3sDIffe_9/?igsh=YnFxdjB0OG9vMXdi&img_index=1

1 маусым балаларды қорғау күні мерекесімен қатар «Қоңырау сыңғыры» атты салтанатты жиын өтті. Биылғы оқу жылында 107 оқушы түлеп ұшқалы отыр. Салтанатты жиында мектеп түлектерінің, ата-аналардың аяулы мектебі мен ұстаздарына арналған жүрекжарды тілектері айтылып, әсем әндері шырқалды. Мектебіміздің мақтанышы білім мен спорт додаларында жүлдеге ие болған шәкірттерді ата-аналарымен бірге құттықтап, алғыс хат табысталды. Мектеп түлектеріне Қазақстанның эстрада жұлдыздары Мәди Қадыров пен Мұхтар Ұлғасбаев ән шашуын арнады.



https://www.instagram.com/p/Cs8GhpMO1ww/?img_index=1

Жыл сайын 1 маусымда әлем көптен күткен жаздың бірінші күніне келетін Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясында» ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар мен үйден оқытылатын оқушыларды осы тамаша мерекемен құттықтады. Сынып жетекшілері, әр баланы құттықтап, жылы лебіздерін білдіріп, өздерінің шағын сый-сыяпаттарын беріп балаларды қуантып қайтты.



https://www.instagram.com/tv/Cs8Iey_oIPH/?igsh=dWQ3azhnM2w5czRh

4 маусым Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздер күні



https://www.instagram.com/p/CtEDo24LnoC/?igsh=eDY2bzdya3kxMXln&img_index=1

«М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК

Бүгін ЭТНОЛАГЕРЬдің 3-күні.

Этнолагерьдің оқушыларының бүгін біразы театрға барды. Театрдың қызықты болғанын айтып келді. Театрға бармаған оқушылар шеберханаларда жұмыс жасады. Әсіресе қыш өнерін ұнатты. Киіз үйде де жұмыстар жүргізді. Оқушыларға барлығы ұнады. Кері байланыста, лагерьге келгеніне өкінбейтіндерін айтып өтті. Асхананың тамақтарының ұнағанын айтты.



https://www.instagram.com/p/CtMHmNrJ2V/?igsh=MWI5aGlqczB2c2V4Nw%3D%3D&img_index=6